



# KazakhExport

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ

2020 жылғы 31  
желтоқсанда аяқталған  
жыл үшін қаржылық  
есептілік

## **Мазмұны**

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есеп 6

Қаржылық жағдай туралы есеп 7

Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп 8

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы есеп 9-10

Қаржылық есептілікке ескертпелер 11-63



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі  
шектеулі серіктестігі  
Қазақстан, А25D6T5 Алматы,  
Достық д-лы, 180,  
Тел. :+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной  
ответственностью «КПМГ»  
Казахстан, А25D6T5 Алматы,  
пр. Достык, 180,  
E-mail: company@kpmg.kz

## Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ Директорлар кеңесіне

### ***Пікір***

Біз «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-ның (бұдан өрі - «Компания») 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген қынға аяқталған жыл ішіндегі пайда немесе залап және өзге де жиынтық кіріс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражатының қозғалысы турали есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінен және өзге де түсіндірме ақпараттан тұратын ескертпелерден тұратын қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік .

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Компанияның 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайын, сондай-ақ оның қаржылық нәтижелерін және Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес көрсетілген қынға аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысын барлық елеулі аспектілерде шынайы көрсетеді.

### ***Пікір білдіруге негіз***

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің жауапкершілігіміз бұдан өрі «Аудиторлардың қаржылық есептілік аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлер үшін халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің халықаралық этика кодексіне (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) (БХЭСК Кодексі) және Қазақстан Республикасындағы қаржылық есептілік аудитіне қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Компанияға қатысты тәуелсіз боламыз және біз осы талаптарға және БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындаадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылады деп ойлаймыз.

### ***Басшылықтың және корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі***

Басшылық ХКЕС-ке сәйкес көрсетілген қаржылық есептілікті дайындау және дұрыс ұсыну үшін және басшылық жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтары жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапты болады.

«КПМГ Аудит» ЖШС, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес тіркелген компания, жауапкершілігі өз қатысушыларының көпілдіктерімен шектелген KPMG International Limited жекеше ағылшын компаниясының құрамына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалары жаһандық үйімінің қатысушысы.

ТОО «КПМГ Аудит», компания, зарегистрированная в соответствии с законодательством Республики Казахстан, участник глобальной организации независимых фирм KPMG, входящих в KPMG International Limited, частную английскую компанию с ответственностью, ограниченной гарантиями своих участников..

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыруға қабілеттілігін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашқаны үшін, және басшылық Компанияны таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниет білдірген немесе оның қызметін таратудан немесе тоқтатудан басқа қандай да бір нақты баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметтің үздіксіздігі туралы жол беру негізінде есептілікті жасағаны үшін жауапты болады.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Компанияның қаржылық есептілігін дайындауды қадағалау үшін жауапты болады.

### ***Аудиторлардың қаржылық есептілік аудиті үшін жауапкершілігі***

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілікте жосықсыз әрекеттер немесе қателіктер салдарынан айтарлықтай бұрмалаушылық болмайтынына және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда ақылға қонымды сенім алу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудиттің олар болған кезде әрдайым елеулі бұрмалаушылықтарды анықтайдынына кепілдік болып табылмайды. Бұрмалау жосықсыз әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуи мүмкін деп негізді түрде жорамалдауға болатын болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және бүкіл аудит бойы кәсіби скептицизмді сақтаймыз. Бұдан басқа, біз мыналарды орындаімyz:

- жосықсыз іс-әрекеттер немесе қателер салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі түрде бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық ресімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіруге негіз болу үшін жеткілікті және тиісті болып табылатын аудиторлық дәлелдемелерді аламыз. Жосықсыз іс-әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануды анықтамау тәуекелі қате нәтижесінде елеулі бұрмалануды таппау тәуекелінен жоғары, өйткені жосықсыз іс-әрекеттер сез байласуды, жалған әрекетті, қасақана өткізу; ақпаратты немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өту әрекетін бұрмалауды қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық ресімдерді әзірлеу мақсатында, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікір білдіру мақсатында өмес, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінуді аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылық дайындаған ақпаратты тиісті түрде ашуды бағалаймыз;



«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы АҚ  
Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі  
3-бет

- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы ұйғарымды қолдануының зандаулығы туралы қорытынды шығарамыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелердің негізінде - нәтижесінде Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетіне елеулі күмән тууы мүмкін оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздік бар ма деген қорытынды шығарамыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы қорытындыға келсек, біз аудиторлық есепте қаржылық есептіліктегі ақпаратты тиісті түрде ашуға назар аударуымыз немесе, егер ақпаратты мұндаидай ашу тиісінше болмаса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлық есептің қуніне дейін алынған аудиторлық дәлелдемелерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін жоғалтуына әкеп соғуы мүмкін;
- ақпаратты ашуды қоса алғанда, тутастай алғанда қаржылық есептілікті, оның құрылымы мен мазмұнын, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуы қамтамасыз етілетіндегі етіп ұсынуға бағалау жүргіземіз.

Біз жоспарланған аудит көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертупер туралы, оның ішінде аудит процесінде біз анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты олардың назарына жеткізе отырып, корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудиторлардың осы аудиторлық есебі шығарылған тапсырманың басшысы:

---

М. М. Магомедова  
Қазақстан Республикасының  
сертификатталған аудиторы  
Аудитордың біліктілік қуәлігінің  
№ МФ-0000594, 2018 жылғы 24 мамыр

#### «КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2006 жылғы 6 желтоқсанда берген № 0000021 аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

---

С. А. Дементьев  
«КПМГ Аудит» ЖШС бас директоры,  
Жарғының негізінде әрекет етеді

1 наурыз 2021 жыл

| Ескертпе   | 2020 ж.   |                    | 2019 ж.   |                    |
|--|-----------|--------------------|-----------|--------------------|
|  | мың теңге |                    | мың теңге |                    |
| Есептеген сақтандыру сыйлықақылары, брутто   | 6         | 3,756,554          |           | 2,324,296          |
| Қайта сақтандырушыларға берілген есептеген сақтандыру сыйлықақылары  | 6         | (9,598)            |           | (44,811)           |
| <b>Есептеген сақтандыру сыйлықақылары, нетто</b>   |           | <b>3,746,956</b>   |           | <b>2,279,485</b>   |
| Еңбек сінірлімеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто   | 6         | (1,933,932)        |           | (569,908)          |
| Еңбек сінірлімеген сыйлықақылар бойынша резервті өзгертудегі қайта сақтандырушылардың үлесі, брутто  | 6         | (36,163)           |           | (139,797)          |
| <b>Тапқан сақтандыру сыйлықақылары, нетто</b>  |           | <b>1,776,861</b>   |           | <b>1,569,780</b>   |
| Төленген шағымдар  | 7         | (1,274,235)        |           | (240,262)          |
| Кері талап бойынша өтеу  | 7         | -                  |           | 6,802              |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгеріс, брутто  | 7         | (2,621,990)        |           | (2,988,533)        |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесіндегі өзгеріс   | 7         | (31,605)           |           | (50,501)           |
| <b>Төленген шағымдар, нетто</b>  |           | <b>(3,927,830)</b> |           | <b>(3,272,494)</b> |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептеген пайыздық кірістер   | 8         | 7,179,995          |           | 4,786,889          |
| Өзге де пайыздық кірістер  | 8         | 48,383             |           | 69,489             |
| Пайыздық шығыстар  | 8         | (20,287)           |           | (24,877)           |
| Кезеңдегі өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілетін, әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнын өзгертуден түсетін таза кіріс |           | 73,875             |           | 73,437             |
| Басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнын өзгертуден іске асрылған кіріс                                      |           | 99,573             |           | -                  |
| Шетел валютасымен операциялардан түскен таза пайда   |           | 1,150,720          |           | 619,708            |
| Таза комиссиялық шығыстар  |           | (7,424)            |           | (4,496)            |
| Жалпы әкімшілік шығыстар   | 9         | (1,757,809)        |           | (1,647,296)        |
| Борыштық қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдарды қалпына келтіру/(залалдар)  |           | (82,427)           |           | 662,640            |
| Өзге операциялық шығыс, нетто  |           | (16,515)           |           | (134,280)          |
| <b>Табыс салығын шегергенде дейінгі пайда</b>  |           | <b>4,517,115</b>   |           | <b>2,698,500</b>   |
| Табыс салығы бойынша шығыс   | 10        | (653,211)          |           | (342,916)          |
| <b>Бір жылдағы пайда</b>   |           | <b>3,863,904</b>   |           | <b>2,355,584</b>   |

#### Табыс салығын шегергенде өзге де жиынтық табыс

Пайда немесе залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:

Әділ құн өзгерістерінің резерві:

- Әділ құнның таза өзгеруі (161,772) (1,303)
- Пайда немесе залал құрамына көшірілген әділ құнның таза өзгеруі (99,573) 5,200

Табыс салығын шегергенде бір жылдағы өзге де жиынтық кіріс

**Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс** (261,345) 3,897

**3,602,559** **2,359,481**

6-дан 63-ке дейінгі беттерде ұсынылған осы қаржылық есептілікті Компания басшылығы 2021 жылғы 1 наурызда бекітті және оның атынан қол қойды:

Р. В. Искаков  
Басқарма төрагасы

Ж.К. Сарткоҗинова  
Бас бухгалтер

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас белгілі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

**«KazakhExport» экспорттың сақтандыру компаниясы» АҚ**  
**2020 жылғы 31 жертоқсандағы жағдай бойынша Қаржылық жағдай туралы есеп**

| Ескерт<br>пен  | <b>2020 ж.<br/>мың теңге</b> | <b>2019 ж.<br/>мың теңге</b> |
|--|------------------------------|------------------------------|
| <b>АКТИВТЕР</b>  |                              |                              |
| Ақша қаражаты және олардың баламалары  | 11                           | 9,779,322                    |
| Банктердегі депозиттер   | 12                           | 63,917,841                   |
| Инвестициялық бағалы қағаздар:   |                              |                              |
| - өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын   | 13                           | 19,928,909                   |
| - амортизацияланған құны бойынша бағаланатын   | 13                           | 25,576,523                   |
| - пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын  | 13                           | 727,495                      |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек  | 14                           | 1,818,877                    |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі   | 15                           | 251,027                      |
| Негізгі құралдар   |                              | 122,212                      |
| Ағымдағы салық активі  |                              | 462,562                      |
| Кейінге қалдырылған салық активтері  | 10                           | 40,311                       |
| Өзге активтер  |                              | 247,818                      |
| <b>Активтердің барлығы</b>   |                              | <b>122,872,897</b>           |
| <b>МИНДЕТТЕМЕЛЕР</b>   |                              |                              |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтер  | 15                           | 13,000,159                   |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек   |                              | 27,529                       |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған қарыз  |                              | 71,876                       |
| Өзге міндеттемелер   |                              | 332,872                      |
| <b>Міндеттемелердің барлығы</b>  |                              | <b>13,432,436</b>            |
| <b>МЕНШІКТІ КАПИТАЛ</b>  |                              |                              |
| Акционерлік капитал  | 16 (а)                       | 100,100,000                  |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден тәмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал |                              | 732,819                      |
| Тұрақтандыру резерви   |                              | 90,508                       |
| Болжанбаған тәуекелдер резерви   | 16 (г)                       | 7,544,808                    |
| Бағалы қағаздардың әділ құны өзгерістерінің резерви  |                              | (1,525,112)                  |
| Бөлінбекен пайда   |                              | 2,497,438                    |
| <b>Меншікті капиталдың барлығы</b>   |                              | <b>109,440,461</b>           |
| <b>Міндеттемелер мен меншікті капиталдың барлығы</b>   |                              | <b>122,872,897</b>           |
| <b>88,198,641</b>  |                              |                              |

**«KazakhExport» экспорттың сақтандыру компаниясы» АҚ**  
**2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп**

|   | 2020 ж.<br>мың теңге | 2019 ж.<br>мың теңге |
|---|----------------------|----------------------|
| <b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>  |                      |                      |
| <b>Табис салығын шегергенге дейінгі пайда</b>   | <b>4,517,115</b>     | <b>2,698,500</b>     |
| <i>Түзетулер:</i>   |                      |                      |
| Қайта сақтандырушының үлесін шегергендегі резервтердегі өзгерістер  | 4,623,690            | 3,748,739            |
| Дисконт пен сыйлықақының амортизациясы  | (928,632)            | (307,360)            |
| Тозу және амортизация   | 29,225               | 16,970               |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған карыз бойынша пайыздық шығыс  | 20,287               | 24,877               |
| Активтердің құнсыздануынан болған залалдар/(залалдарды қалпына келтіру)   | 82,427               | (662,640)            |
| Кезеңдегі өзгерістері пайда немесе залал құрамында көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнын өзгертуден түсетін таза кіріс | (73,875)             | (73,437)             |
| Озге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестиациялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен іске асырылған кіріс                           | (99,573)             | -                    |
| Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер   | (6,251,363)          | (4,479,529)          |
| Озге де пайыздық кірістер   | (48,384)             | (69,489)             |
| Іске асырылмаған бағам айырмасы   | (1,150,720)          | (619,708)            |
| <b>Операциялық қызметтөн бастап операциялық активтер мен міндеттемелдердің өзгеруіне дейінгі ақша қаражатының ағыны</b>   | <b>720,197</b>       | <b>276,923</b>       |
| <b>Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азауы</b>   |                      |                      |
| Банктердегі депозиттер  | (17,412,627)         | (32,912,669)         |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек   | (398,860)            | (385,673)            |
| Озге активтер   | (19,956)             | (255,026)            |
| <b>Операциялық міндеттемелдердің ұлғаюы/(азауы)</b>   | <b>(38,179)</b>      | <b>28,944</b>        |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек  | (19,270)             | 145,715              |
| <b>Операциялық қызметтөн алынған сыйақыға және табис салығын толеуге дейінгі ақша қаражатын таза пайдалану</b>  | <b>(17,168,695)</b>  | <b>(33,101,786)</b>  |
| Төленген табис салығы   | (790,360)            | (588,308)            |
| Алынған пайыздық табис  | 5,941,150            | 3,486,196            |
| Төленген пайыздық шығыс   | (354)                | (541)                |
| <b>Операциялық қызметтөн пайдаланылған ақша қаражатының ағыны</b>   | <b>(12,018,259)</b>  | <b>(30,204,439)</b>  |
| <b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>  |                      |                      |
| Инвестициялық бағалы қағаздарды сатудан және өтеуден түсетін түсімдер   | 8,311,098            | 1,062,500            |
| Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу  | (31,045,991)         | (13,284,230)         |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу  | (54,464)             | (30,218)             |
| <b>Инвестициялық қызметтөн пайдаланылған ақша қаражатының ағыны</b>   | <b>(22,789,357)</b>  | <b>(12,251,948)</b>  |
| <b>ҚАРЖЫ ҚЫЗМЕТИНЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ</b>   |                      |                      |
| Акциялар шығару   | 29,000,000           | 34,000,000           |
| «Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған карызды өтеу  | (92,460)             | (92,460)             |
| Төленген дивидендтер  | (2,355,583)          | (475,666)            |
| <b>Қаржы қызметтөн түскен ақша қаражатының ағыны</b>  | <b>26,551,957</b>    | <b>33,431,874</b>    |
| <b>Ақша қаражатының және олардың баламаларының таза азауы</b>   | <b>(8,255,659)</b>   | <b>(9,024,513)</b>   |
| Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен олардың баламаларының шамасына әсері  | 379,282              | (191,201)            |
| Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары  | <b>17,655,699</b>    | <b">26,871,413</b">  |
| Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты және олардың баламалары (11-ескертке)  | <b>9,779,322</b>     | <b>17,655,699</b>    |

| мың теңге   | Акционерлік капитал | «Самудық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемемен алынған қарыз бойынша қосымша томенгендегі капитал | Тұрақтан-дыру резерві | Болжанбаған тәуекелдер резерві | Бағалы қағаздар-дың әділ құны өзгерісте-рінің резерві | Бөлінбекен пайда   | Меншікті капиталдың барлығы |
|---|---------------------|---|-----------------------|--------------------------------|---|--------------------|-----------------------------|
| 2020 жылғы 1 қантардағы қалдық  | 71,100,000          | 732,819   | 65,919                | 2,555,200                      | (1,263,767)   | 6,003,314          | 79,193,485                  |
| <b>Жалпы жиынтық табыс</b>  |                     |   |                       |                                |   |                    |                             |
| Бір жылдағы пайда   |                     |   |                       |                                |   |                    |                             |
| <b>Өзге де жиынтық табыс</b>  |                     |   |                       |                                |   |                    |                             |
| Пайда мен залал құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:              |                     |   |                       |                                |   |                    |                             |
| Әділ құнның таза өзгеруі  | -                   | -   | -                     | -                              | (261,345)   | -                  | (261,345)                   |
| Басқа жиынтық табыстың барлығы  | -                   | -   | -                     | -                              | (261,345)   | -                  | (261,345)                   |
| <b>Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс</b>  | -                   | -   | -                     | -                              | (261,345)   | <b>3,863,904</b>   | <b>3,602,559</b>            |
| <b>Меншікті капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншікті иелерімен операциялар</b>            |                     |   |                       |                                |   |                    |                             |
| Акциялар шығару   | 29,000,000          | -   | -                     | -                              | -   | -                  | 29,000,000                  |
| Төленген дивидендтер (16 (в) ескертпеле) Күтпеген тәуекелдер резервіне ауыстыру (16 (г) ескертпеле) | -                   | -   | -                     | -                              | -   | (2,355,583)        | (2,355,583)                 |
| Тұрақтандыру резервіне ауыстыру   | -                   | -   | -                     | 4,989,608                      | -   | (4,989,608)        | -                           |
| <b>Меншікті иелерімен жасалатын операциялардың барлығы</b>  | <b>29,000,000</b>   | <b>-</b>  | <b>24,589</b>         | <b>4,989,608</b>               | <b>-</b>  | <b>(7,369,780)</b> | <b>26,644,417</b>           |
| <b>2020 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>   | <b>100,100,000</b>  | <b>732,819</b>  | <b>90,508</b>         | <b>7,544,808</b>               | <b>(1,525,112)</b>                                    | <b>2,497,438</b>   | <b>109,440,461</b>          |

Меншікті капиталданғы өзгерістер туралы есеп осы қаржылық есептілікке оның ажырамас болігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуга тиіс.

| Мың теңге  | Акционерлік капитал | «Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемемен алынған қарыз бойынша қосымша толенген капитал | Тұрақтандыру резерві | Болжанбаған тәуекелдер резерві | Бағалы қағаздардың әділ құны өзгерістерінің резерві | Бөлінбеген пайда   | Меншікті капиталданғы барлығы |
|--|---------------------|---|----------------------|--------------------------------|---|--------------------|-------------------------------|
| 2019 жылғы 1 қантардағы қалдық   | 37,100,000          | 732,819   | 7,904                | 510,942                        | (1,267,664)   | 6,225,669          | 43,309,670                    |
| <b>Жалпы жиынтық кіріс</b>   |                     |   |                      |                                |   |                    |                               |
| Бір жылдағы пайда  | -                   | -   | -                    | -                              | -   | 2,355,584          | 2,355,584                     |
| <b>Өзге де жиынтық кіріс</b>   |                     |   |                      |                                |   |                    |                               |
| Пайда мен залал құрамына кайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар: |                     |   |                      |                                |   |                    |                               |
| Әділ құнның таза өзгеруі   | -                   | -   | -                    | -                              | 3,897   | -                  | 3,897                         |
| Басқа жиынтық табыстың барлығы   | -                   | -   | -                    | -                              | 3,897   | -                  | 3,897                         |
| <b>Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс</b>   |                     |   |                      |                                |   |                    |                               |
| Меншік капиталының құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен операциялар          |                     |   |                      |                                |   |                    |                               |
| Акциялар шығару  | 34,000,000          | -   | -                    | -                              | -   | -                  | 34,000,000                    |
| Төленген дивидендтер (16 (в) ескертпе)   | -                   | -   | -                    | -                              | -   | (475,666)          | (475,666)                     |
| Күтпеген тәуекелдер резервіне ауыстыру (16 (г) ескертпе)                               | -                   | -   | -                    | 2,044,258                      | -   | (2,044,258)        | -                             |
| Тұрақтандыру резервіне ауыстыру  | -                   | -   | 58,015               | -                              | -   | (58,015)           | -                             |
| <b>Меншік иелерімен жасалатын операциялардың барлығы</b>                               | <b>34,000,000</b>   | <b>-</b>  | <b>58,015</b>        | <b>2,044,258</b>               | <b>-</b>  | <b>(2,577,939)</b> | <b>33,524,334</b>             |
| <b>2019 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық</b>  | <b>71,100,000</b>   | <b>732,819</b>  | <b>65,919</b>        | <b>2,555,200</b>               | <b>(1,263,767)</b>                                  | <b>6,003,314</b>   | <b>79,193,485</b>             |

## 1 Есеп беретін кәсіпорын

### (a) Үйымдастыру құрылымы және қызметі

«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі, «Компания») Қазақстан заңнамасына сәйкес 2003 жылы Қазақстан Республикасында құрылған акционерлік қоғам болып табылады.

Компанияның сақтандыру және қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі, ҚРҰБ) берген 2018 жылғы 21 мамырдағы № 2.1.55 лицензиясы бар, ол ҚРҰБ берген 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 2.1.55 лицензиясын алмастырды. Бұл лицензия Компанияға мынадай сыйнаптар бойынша ерікті сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік береді:

- 1) кепілдіктер мен кепілдемелерді сақтандыру;
- 2) басқа да қаржылық залалдардан сақтандыру;
- 3) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 13), 14), 15) және 16) тармақшаларында көрсетілген сыйнаптарды қоспағанда, қаржы үйымдарының шығындарын сақтандыру;
- 4) қарыздарды сақтандыру;
- 5) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 3-тармағының 9) -11) тармақшаларында көрсетілген сыйнаптарды қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру; сондай-ақ
- 6) қайта сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру.

Компанияның стратегиялық даму бағыттары экспортты қолдау құралдарын жетілдіруді, экспорттаушылардың санын ұлғайту үшін жағдай жасауды және операциялық тиімділікті арттыруды қамтиды.

Компанияның заңды және нақты мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Z05T2H3, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 55А.

### (б) Акционер

2020 және 2019 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бұдан әрі «Бас кәсіпорын» деп аталатын «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі шығарылған акциялардың 100%-на иелік етеді. Компанияның түпкілікті акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Акциялар пакетін беру туралы 2013 жылғы 29 мамырдағы № 299-и шартқа сәйкес Компания акцияларының пакеті «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-ның сенімгерлік басқаруына берілді. «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ «Даму институттарын, қаржы үйымдарын басқару және ұлттық экономиканы дамыту жүйесін оңтайландыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 22 мамырдағы № 571 Жарлығы бойынша құрылды.

2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания қызметкерлерінің саны 98 қызметкерді құрады (2019 жылы: 76 қызметкер).

### (в) Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Компанияның қызметі көбінесе Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары ықпал етеді. Құқықтық, салықтық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің біркелкі болмауы тәуекелімен ұштасып отыр, олар жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады.

2020 жылдың алғашқы айларында әлемдік нарықта коронавирустың өршуінен туындаған едәуір тұрақсыздық байқалды. 2020 жылғы 11 наурызда Дүниежүзілік денсаулық сақтау үйімі жаңа коронавирустың инфекцияның таралуы пандемия сипатына ие болғанын жариялады. Халықтың денсаулығына COVID-19 вирусы төндіретін ықтимал елеулі қауіп-қатерге жауап ретінде азаматтардың өмірі мен денсаулығын қоргау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында 2020 жылғы 16 наурыздан бастап 2020 жылғы 12 мамырға дейінгі мерзімге төтенше жағдай енгізу туралы шешім қабылданды. Төтенше жағдай кезеңінде жергілікті билік органдары мектептердің, жоғары оқу орындарының, мейрамханалардың, кинотеатрлардың, театрлардың, мұражайлардың, сондай-ақ спорт объектілерінің жұмысын тоқтатуды қоса алғанда, әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін біртіндеп қосымша шаралар енгізді.

Көптеген елдерде енгізілген іскерлік белсенділіктің бұзылуына және өзін-өзі оқшаулау режиміне байланысты мұнайға әлемдік сұраныс құрт төмендеді, бұл артық ұсынысқа және мұнай бағасының құрт төмендеуіне әкелді. 2020 жылғы 12 сәуірде Қазақстанды қоса алғанда, әлемнің ірі мұнай өндірушілері мұнай нарығын тұрақтандыру үшін шикі мұнай өндіруді рекордтық қысқарту туралы уағдаласты, бұл дегенмен мұнай бағасына қысымды азайтуға әкелген жоқ. Бағалары мен мұнай өндіру көлемінің құрт төмендеуі мұнай компаниялары табыстарының тисінше құлдырауына және мемлекеттік бюджетке аударымдардың азауына әкеп соғады, бұл айтарлықтай экономикалық және әлеуметтік салдарға әкеп соғуы мүмкін және мемлекеттік сектор шығыстарының төмендеуіне алып келеді.

Қызметтің үздіксіздігін қолдау үшін Компания қашықтан қол жеткізуді пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруды жалғастырады және жергілікті жерлерде жұмыс істейтін қызметкерлердің денсаулығын қоргау үшін шаралар қабылдайды, оның ішінде жеке қорғану құралдарымен, қашықтықтан ұстau режимін сақтауды, Компания үй-жайларын дезинфекциялауды қамтамасыз етеді.

2020 жыл ішінде Компанияның бизнесі тұрақты және оның қызметі үзілген жоқ. Компания ай сайынғы негізде сыртқы конъюнктураның қаржылық және тәуекел көрсеткіштеріне ықтимал теріс әсері бөлігінде жағдайдың өзектілігін бағалайды. Алайда басшылық оқшаулаудың ұзақ кезеңдері, осындаш шаралардың қаталдығының күшіне осындаш шаралардың экономикалық ортаға кейіннен қолайсыз әсері орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Компанияға қолайсыз әсер етуі мүмкіндігін жоққа шығара алмайды. Компания жағдайды мүқият қадағалап отырады және мұндай оқиғалар мен жағдайлардың туындауына қарай олардың салдарын жене өзінде түрлі деңгелерге деңгелдейді.

Ұсынылған қаржылық есептілік Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына Қазақстанда бизнес жүргізу шарттары қандай әсер етегендігіне басшылықтың көзқарасын көрсетеді. Шаруашылық жүргізуінің болашақ жағдайларының нақты әсері олардың басшылығының бағалауынан ерекшеленуі мүмкін.

## **2 Есепке алу негіздері**

### **(a) Қолданылатын стандарттарға сәйкестігі туралы өтініш**

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХКЕС») сәйкес дайындалды.

### **(б) Бағалаулар мен пайымдауларды пайдалану**

Қаржылық есептілікті ХКЕС-ке сәйкес дайындау басшылықтың есеп саясатының ережелерінің қалай қолданылуына және активтердің, міндеттемелердің, кірістер мен шығыстардың қандай сомада көрсетілуіне әсер етегін кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағалауларды пайдалануын талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Жорамалдар және олардың негізінде жасалған есептік бағалар оларды өзгерту қажеттілігі түрғысынан үнемі талданады. Есептік бағалаулардағы өзгерістер осы бағалар қайта қаралған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістерге қатысты барлық кейінгі кезеңдерде танылады.

2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде елеулі түзетуге әкеп соғуы мүмкін бағалардың жорамалдары мен белгісіздіктері туралы ақпарат мынадай ескертудерге енгізілген:

- сақтандыру шарттары бойынша резервтер - 15-ескертпе;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша және пайда мен залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құны - 19-ескертпе.

**(в) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау қағидаттары**

Қаржылық есептілік пайда мен залал арқылы әділ құн бойынша және әділ құн бойынша көрсетілген өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

**(г) Қаржылық есептілік деректерінің функционалдық валютасы және ұсыну валютасы**

Компанияның функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады, өйткені Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, ол негізгі оқиғалардың және оларға катысы бар мән-жайлардың көпшілігінің экономикалық мәнін көрсетеді. Қазақстандық теңге сондай-ақ осы қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады.

Қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелді.

### **3 Есеп саясатының негізгі ережелері**

Төменде сипатталған есеп саясатының ережелері осы қаржылық есептілікте ұсынылған барлық есепті кезеңдерде қолданылды.

**(а) Пайыздық кірістер мен шығыстар**

***Тиімді пайыздық мөлшерлеме***

Пайыздық кірістер мен шығыстар пайданың немесе залалдың құрамында тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып көрсетіледі. «Тиімді пайыздық мөлшерлеме» - бұл қаржы құралының күтілетін қолданылу мерзімі ішінде:

- қаржы активінің жалпы баланстық құнына; немесе
- қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құнына дейін нақты ақша төлемдерінің болашақ ағындарын немесе түсімдерді дисконттайтын мөлшерлеме.

Сатып алғанған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған активтер болып табылмайтын қаржы құралдары бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу кезінде Компания осы қаржы құралының барлық шарттық талаптарын назарға ала отырып, бірақ күтілетін кредиттік залалдарды есепке алмай, ақша қаражатының болашақ ағынын бағалайды. Сатып алғанған немесе құрылған кредиттік-құнсызданған қаржы активтері үшін кредиттік тәуекелді ескере отырып түзетілген тиімді пайыздық мөлшерлеме күтілетін кредиттік залалдарды қоса алғанда, ақша қаражатының күтілетін болашақ ағындарының шамасын пайдалана отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені есептеу мәміле бойынша шығындарды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын төленген немесе алғанған сыйақылар мен сомаларды қамтиды. Мәміле бойынша шығындар қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тіkelей қатысты қосымша шығындарды қамтиды.

***Амортизацияланған құн және жалпы баланстық құн***

Қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің «амортизацияланған құны» - бұл бастапқы тану кезінде қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бағаланатын сома минус борыштың негізгі сомасының шотына төлемдер, плюс немесе минус тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген өтеу мерзімі басталған кезде көрсетілген бастапқы сома мен төлеуге берілетін сома арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасы, және қаржылық активтерге қатысты залалдарға арналған

бағалау резервін ескере отырып түзетілген. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын «қаржы активінің жалпы баланстық құны» - бұл залалдарға арналған бағалау резервінің шамасына түзетуге дейінгі қаржы активінің амортизацияланған құны.

### ***Пайыздық кіріс пен шығысты есептегу***

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеме қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені бастапқы тану кезінде есептеледі. Пайыздық кіріс пен шығысты есептеу кезінде тиімді пайыздық мөлшерлеме активтің жалпы баланстық құнының (актив кредиттік-құнсызданған болып табылмайтын кезде) немесе міндеттеменің амортизацияланған құнының шамасына қолданылады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруін көрсету мақсатында өзгермелі пайыздық мөлшерлемесі бар құралдар бойынша ақша қаражатының ағынын мерзімді қайта бағалау нәтижесінде қайта қаралады.

Алайда бастапқы танудан кейін кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржы активінің амортизацияланған құнына тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Егер қаржы активі енді кредиттік-құнсызданған болып табылмаса, онда пайыздық кірісті есептеу қайтадан жалпы баланстық құн негізінде жүргізіледі.

Бастапқы тану кезінде кредиттік-құнсызданған қаржы активтері бойынша пайыздық кіріс қаржы активінің амортизацияланған құнының шамасына кредиттік тәуекелді ескере отырып түзегілген тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы есептеледі. Мұндай активтер бойынша пайыздық кірісті есептеу, егер олар бойынша кредиттік тәуекел кейіннен азайса да, жалпы баланстық құн негізінде жүзеге асырылмайды.

Қандай жағдайларда қаржы активтері кредиттік-құнсызданған болып табылатыны туралы ақпарат 3(б)(iv) ескертпеде берілген.

### ***Ақпарат беру***

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген, пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есепте ұсынылған пайыздық кірістер мыналарды қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша пайыздық кірістер;
- басқа жиынтық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық кіріс туралы есептің «өзге пайыздық кірістері» бабы пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын туынды емес борыштық қаржы активтері бойынша пайыздық кірістерді қамтиды.

Пайда немесе залал және өзге де жиынтық табыс туралы есепте ұсынылған пайыздық шығыстар мыналарды қамтиды:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер бойынша пайыздық шығыстар.

## **(6) Қаржылық активтер және қаржылық міндеттемелер**

### ***(i) Қаржы құралдарын жіктегу***

Бастапқы тану кезінде қаржы активі не амортизацияланған құн бойынша, не өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша, не пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Қаржы активі, егер ол төмендегі екі шартқа да жауап берсе және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайдаған амортизацияланған құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу үшін активтерді ұстап қалу болып табылады; және

- қаржы активінің шарттық талаптарында белгіленген мерзімде борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген болігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағындарының туындауы көзделген.

Борыштық құрал, егер ол төмендегі екі шартқа да сай келген және Компанияның қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмеген жағдайда ғана, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланады:

- актив бизнес-модель шенберінде ұсталады, оның мақсатына шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу арқылы да, қаржы активтерін сату арқылы да қол жеткізіледі; және
- қаржы активінің шарттық талаптарында белгіленген мерзімде борыштың негізгі сомасын және негізгі соманың өтелмеген болігіне есептелген пайыздарды төлеуді ғана білдіретін ақша қаражаты ағындарының туындауы көзделген.

Озге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активтері бойынша пайда мен залал амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша сияқты пайда немесе залал құрамында танылатын мынадай баптарды қоспағанда, өзге жиынтық кіріс құрамында танылады:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып есептелген пайыздық табыстар;
- қутілетін кредиттік залалдар және құнсызданудан болған залалдардың қалпына келтірілген сомалары; және
- валюта бағамдарының өзгеруінен пайда немесе залал.

Басқа жиынтық кіріс, бұрын өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық қаржы активін тану тоқтатылған кезде меншікті капитал құрамынан пайда немесе залал құрамына қайта жіктеледі.

Барлық өзге қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі.

Бұдан басқа, бастапқы тану кезінде Компания өз қалауы бойынша кейіннен қайта жіктеу құқығынсыз амортизацияланған құн бойынша немесе, егер бұл есептік сәйкесіздікті жоюға немесе едәуір дәрежеде азайтуға мүмкіндік берсе, басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін өлшемдерге жауап беретін қаржы активін пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына жіктей алады.

### **Бизнес-модельді бағалау**

Компания қаржы құралдарының портфелі деңгейінде активті ұстап тұратын бизнес-модельдің мақсатына бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесі басқару тәсілін және ақпараттың басшылыққа қалай берілетінін жақсы көрсетеді.

Компания мынадай ақпаратты талдайды:

- Портфельді басқару үшін белгіленген саясаттар мен мақсаттар, сондай-ақ көрсетілген саясаттарды практикада іске асыру. Атап айтқанда, басқару стратегиясы шартта көзделген пайыздық кірісті алуға, пайыздық мөлшерлемелердің белгілі бір құрылымын ұстап тұруға, қаржы активтерін өтеу мерзімдерінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзімдеріне сәйкестігін қамтамасыз етуге немесе активтерді сату арқылы ақша қаражаты ағындарын іске асыруға бағдарланған ба.
- Портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Компания басшылығының назарына қалай жеткізіледі.
- Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модель шенберінде ұсталатын қаржы активтері) нәтижелілігіне әсер ететін тәуекелдер және осы тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады.

- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы қалай жүзеге асырылады (мысалы, бұл сыйақы көрсетілген активтердің әділ құнына немесе шартта көзделген активтер бойынша алынған ақша қаражаты ағындарына байланысты ма).
- Өткен кезеңдерде сатудың жиілігі, қолемі және туында мерзімі, мұндай сатудың себептері, сондай-ақ сатудың болашақ деңгейіне қатысты күтулер. Алайда сату деңгейлері туралы ақпарат оқшауланған түрде емес, Компания мәлімдеген қаржы активтерін басқару мақсатына қалай қол жеткізілетінін және ақша қаражаты ағындарының қалай іске асырылатынын бірыңғай тұтас талдау шенберінде қаралады.

Сауда үшін ұсталатын немесе басқарулыу әділ құн негізінде жүзеге асырылатын және нәтижелілігі бағаланатын қаржы активтері пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланады, ейткені олар шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу мақсатында да, шартта көзделген ақша қаражатының ағынын алу мақсатында да, сондай-ақ қаржы активтерін сату мақсатында да ұсталмайды.

### **Шартта көзделген ақша қаражатының ағыны тек қана негізгі сома мен пайыздарды төлеу болып табылатындығын бағалау**

Осы бағалаудың мақсаттары үшін «негізгі сома» оны бастапқы тану кезінде қаржы активінің әділ құны ретінде айқындалады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмеген негізгі сомаға қатысты кредиттік тәуекел үшін және кредиттеуге байланысты басқа да негізгі тәуекелдер мен шығындар (мысалы, өтімділік тәуекелі мен әкімшілік шығындар) үшін өтеу ретінде айқындалады, сондай-ақ пайда маржасын қамтиды.

